

"Сарыкөл ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы" Сарыкөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 92 шешімін жүзеге асыру туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 маусымдағы № 191 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 шілдеде № 9-17-82 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 56-бабына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға жеңілдіктер мен әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20–бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 1-3) тармақшасына, 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16–бабына, "Сарыкөл ауданының 2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы" Сарыкөл аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 92 шешіміне сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аудандық бюджеттен келесі әлеуметтік төлемақылар бекітілсін:

1) қайтыс болған кәмелетке толмаған балалар және жұмыссыздар азаматтарды жерлеуге сәйкесті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген он еселі ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) аудан және облыс еңбек рыногында (мемлекеттік білім гранттарының иегерлері болып табылатын, басқа тұлғаларды қоспағанда) өте талап етілетін мамандықтар бойынша жоғары және орта оқу орындарындағы оқу құнына байланысты аз қамтылған отбасынан орта жалпы білім мектептерінен түлектеріне шығыстарды өтеу үшін әлеуметтік көмек, сәйкесті бюджетпен қарастырылған қаражаттар шегінде;

3) Табысы аз, туберкулезбен сырқаттанған адамдарға амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тамақтануға сәйкесті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

4) Фенилкетонуриямен ауыратын мүгедек-балаларға, оларға арнаулы тамақ сатып алу үшін әлеуметтік көмек

5) 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға мүгедек күніне және балаларды қорғау күніне

2000 (екі мың) теңге көлемінде әлеуметтік көмек;

6) айына күнкөріс деңгейінен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) және кірістен тәуелсіз жедел әлеуметтік қолдауды мұқтаж ететін азаматтарға жекелеген мән-жайларда сәйкесті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген кемінде отыз есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

7) Қазақстан Республикасының дербес зейнеткерлеріне және еңбек сіңірген қызметкерлеріне кемінде 30000 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек;

8) азаматтардың жекелеген категорияларына мейрам, мәнді және айтулы күндеріне (Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектерге, мүгедек-балаларға, 1,2,3 топтағы мүгедектерге, саяси қуғын-сүргін құрбандарына, зейнеткерлерге) сәйкесті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген кемінде бес еселі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға қатты отын сатып алуға сәйкесті қаржы жылға арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген он тоғыз еселі ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштараз қызметтеріне ай сайын 230 теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек;

11) аз қамтылған және көп балалы отбасынан, бір ата-анасыз отбасынан, жетім-балаларға кемінде 10000 (он мың) теңге мөлшерінде әлеуметтік көмек;

2. Әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органы болып "Сарыкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі табылады (бұдан әрі- өкілетті орган).

3. Мұқтажды азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі қосымшаға келісе анықталсын.

4 . А н ы қ т а л с ы н :

1) әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім өкілетті органмен 15 күнтізбелік аралығында құжаттарды қабылдау күнінен кейін қ а б ы л д а н а д ы ;

2) кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге әлеуметтік көмек ата-ананың біреуіне не басқа заңды өкілге тағайындалады;

3) қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге әлеуметтік көмек қайтыс болғанның отбасының мүшесіне не жерлеуді жүзеге асыратын тұлғаларға төленеді;

4) аудан және облыс рыногында өте талап етілетін мамандықтар бойынша жоғары және орта оқу орындарындағы оқу құнына байланысты аз қамтылған отбасынан орта жалпы білім мектептерінен түлектеріне шығыстарды өтеу үшін әлеуметтік көмек өтініш берушіге тағайындалады және төленеді;

5) туберкулезбен сырқаттанған адамдарға қосымша тамақтануға әлеуметтік көмек

өтініш берушіге, балалар сырқаттанған жағдайда ата-анасына не басқа заңды өкілдерге отбасы кірісіне тәуелсіз тағайындалады және төленеді;

6) Фенилкентонуриямен ауыратын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек олардың ата-анасына не заңды өкілдерге отбасы кірісіне тәуелсіз тағайындалады және төленеді;

7) 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек олардың ата-анасына не басқа заңды өкілдерге отбасы кірісіне тәуелсіз тағайындалады және төленеді;

8) аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) және жедел әлеуметтік қолдауды мұқтаж ететін азаматтарға жекелеген мән-жайларда әлеуметтік көмек кірістен тәуелсіз өтініш берушіге тағайындалады және төленеді;

9) дербес зейнеткерлерге және еңбек сіңірген қызметкерлеріне әлеуметтік көмек осы атағы бар өтініш берушілерге төленеді және тағайындалады;

10) азаматтардың жекелеген категорияларына мейрам, мәнді және айтулы күндеріне (Ұлы Отан соғысына қатысушылар және мүгедектер, мүгедек-балаларға, 1, 2, 3 топтағы мүгедектер, саяси құғын сүргін құрбанда, зейнеткерлер) әлеуметтік көмек азаматтардың категориясы тізімінің негізінде көрсетіледі;

11) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға қатты отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек осы көмекті алушылардың тізім негізінде көрсетіледі;

12) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштараз қызметтеріне әлеуметтік көмек осы көмекті алушылардың тізімі негізінде көрсетіледі;

13) аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан, бір ата –анасыз отбасынан студенттерге, жетім-балаларға әлеуметтік көмек азаматтардың осы санатына төленеді;

14) әлеуметтік көмекті төлеу әлеуметтік көмек алушының жеке шотына екінші деңгейдегі банк немесе банк операциясының сәйкесті түрлеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы ақшалай қаражат аудару жолымен уәкілетті органмен ұсынылған тізімдерге келісе жүзеге асырылады.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша өндірілсін.

6. "Мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек туралы" Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 ақпандағы № 96 (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-17-56 2008 жылғы 19 наурыздан, 2008 жылғы 10 сәуірде № 15 "Сарыкөл" газетінде жарияланды), "Мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек туралы" Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 20 ақпандағы № 96 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 15 қыркүйектегі № 333 (мемлекеттік тіркеу нөмірі 9-17-68 2008 жылғы 14 қазаннан, 2008 жылғы 16 қазандағы № 42 "Сарыкөл" газетінде жарияланды), "Мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек туралы" 2008 жылғы 20 ақпандағы № 96 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 2 маусымдағы № 171

қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаева жүктелсін.

8. Осы қаулы ресми жарияланады және 2009 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ

"Сарыкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

Ю. Кондриков

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі" ММ бастығы

Т. Лысяк

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ бастығы

І. Насыров

Әкімдіктің

2009 жылғы 25 маусымдағы

№ 191 қаулысына қосымша

Мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларына әлеуметтік көмек тағайындау үшін құжаттар тізбесі

1. Жерлеу үшін әлеуметтік көмек:

- 1) туған туысқандарынан не жерлеумен айналысатын тұлғалардан өтініш;
- 2) қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе қайтыс болғаны туралы анықтама;
- 3) жұмыссыз мәртебесін растайтын анықтама;
- 4) қайтыс болғанның туыстық байланысын растайтын анықтама немесе жаназа ұйымдастыруын растайтын анықтама;
- 5) өтініш берушінің мекен жайын растайтын құжат.

2. Оқу бойынша шығыстарын төлеуге әлеуметтік көмек:

- 1) әлеуметтік көмек сұраған тұлғаның немесе оның заңды өкілінің өтініші;
- 2) арыз берушінің оқу орны туралы оқу орынының анықтамасы;
- 3) алушының заңды өкілеттігін растайтын құжат;
- 4) өтініш берушінің мекен жайын растайтын құжат.

3. Туберкулезбен сырқаттанғандарға әлеуметтік көмек:

- 1) әлеуметтік көмек сұраған тұлғаның немесе оның заңды өкілінің өтініші;
- 2) арыз берушінің оқу орны туралы оқу орынының анықтамасы;
- 3) сырқаттанғанның амбулаториялық емделуде болғанын растайтын емдеу мекемесінен анықтама;
- 4) өтініш берушінің мекенжайын растайтын құжат.

4. Фенилкетонуриямен ауыратын мүгедек-балаларға әлеуметтік көмек:

- 1) баланың заңды өкілінің өтініші;
- 2) ауруын растайтын емдеу мекемесінен анықтама;
- 3) өтініш берушінің мекенжайын растайтын құжат.

5. Мүгедек-балаларға мүгедек күніне және балаларды қорғау күніне әлеуметтік көмек:

- 1) мүгедек-балалардың өкілетті органмен бекітілген тізімі.

6. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) әлеуметтік көмек:

- 1) әлеуметтік көмек сұраған тұлғаның өтініші;
- 2) жедел әлеуметтік қолдауды мұқтаж ететін белгілі жағдайларды растайтын құжаттар (ауру, құжаттама, азық-түлік сатып алу, киім, дәрі –дәрмек және басқалар).
- 3) өтініш берушінің мекенжайын растайтын құжат.

7. Қазақстан Республикасының дербес зейнеткерлеріне және еңбек сіңірген қызметкерлеріне әлеуметтік көмек:

- 1) дербес зейнеткердің және еңбек сіңірген қызметкердің куәлігінің көшірмесі;
- 2) өтініш берушінің мекенжайын растайтын құжат.

8. Мейрам, мәнді және айтулы күндеріне әлеуметтік көмек:

- 1) өкілетті органмен бекітілген мұқтаж ететін азаматтардың жекелеген категорияларының тізімі.

9. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға қатты отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың өкілетті органмен бекітілген тізімі.

10. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштараз қажеттілігіне әлеуметтік көмек;

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің өкілетті органмен бекітілген тізімі.

11. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларынан, бір ата анасыз отбасыларынан студенттерге, жетім балаларға әлеуметтік көмек:

- 1) әлеуметтік көмек сұраған тұлғаның өтініші;
- 2) оқу орнында студенттің оқитынын растайтын құжат;
- 3) өтініш берушінің мекенжайын растайтын құжат.

12. Құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері салыстыру үшін ұсынылады.

Салыстырудан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады, ал құжаттардың көшірмелері куәландырылады және іске қалыптастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК